

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GLMS3361>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YZMN6566>

***Г. Ж. Өтемісова¹, А. О. Карипжанова²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²Торайгыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

НҰРТУҒАН ЖЫРАУ МЕН ШОҚАН ШЫҒАРМАЛАРЫҢДАҒЫ КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАР ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Мақалада тілдегі көнерген аталымдар қарастырылады. Белгілі бір ұғымның көнеруіне байланысты осы ұғымды білдіретін атау сирек қолданыла бастау жолдары, тілдің дамуының әртүрлі кезеңдерінен туындаған тілдік өрнектердің тілімізде сақталып қалуы, көнерген аталымдардың ескіру көрсеткіші арқылы ғана қазақ тілінің лексикасынан оқшауланып, көнерген аталымдардың лексикасын құрай алатыны дәйектеледі. Сонымен қатар мұндай тілдік фактілердің тарихи жағдайға байланысты өткен дәуірлердегі оқиғаларды сипаттауда қолданылатыны және шығарманың көркемдік дәрежесін арттыратыны Нұртуған жырғау мен Шоқан шығармаларындағы көнерген аталымдарды саралай отырып дәлелденеді.

Қазақ тілінде бірқатар көнерген атаулар діни уағыздармен тікелей байланысты екені дәйектеледі. Сондай-ақ әскери атаулар мен сауыт-сайман аттарына қатысты көнерген аталымдар, әлеуметтік, әкімшілік атауларға қатысты көнерген аталымдар талданады. Нұртуған жырғау мен Шоқан тілінде көнерген аталымдар өздері суреттеп отырған дәуірдің тұрмыс-тіршілігін дәл нақты көрсеткені және өз тілдерінің лексика-семантикалық қабаттарын байытып отырғаны нақты мысалдар арқылы дәлелденеді.

Көнерген лексиканы зерттеудің теориялық негіздерін қарастыруда Ғ. Мұсабаев, Ә. Болғанбаев, Р. Сыздықтардың ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынады.

Кілтті сөздер: көнерген аталымдар, тарихи аталымдар, лексика, историзм, архаизм, лексика-семантикалық топ, лексикология, тілдік норма.

Кіріспе

Белгілі бір ұғымның көнеруіне байланысты сол ұғымды аңғартатын аталымның да қолданысы сирей бастайды. Тіл-тілде дамудың әртүрлі кезеңдері тудырған тіл өрнектері толып жатыр. Ондай тіл фактілері өткен дәуірдегі болған оқиғаларды тарихи жағдайға байланысты суреттеуде жұмсалады, әрі шығарманың көркемдік дәрежесін арттырып отырады. Көнерген аталымдар ескіру көрсеткіші арқылы ғана қазақ тілінің лексикасынан оқшауланып, көнерген аталымдардың лексикасын құрай алады. Мақаланың өзектілігі көнерген лексика қабатының ішінде тарихи аталымдар мен көнерген аталымдардың нақты ажырату қажеттілігімен және олардың шығарма тілінде қолданылу ерекшеліктеріне байланысты.

Зерттеудің нысаны: қазақ тіліндегі көнерген аталымдардың этимологиясы

Зерттеудің пәні: Көнерген аталымдардың тарихи жағдайға байланысты өткен дәуірлердегі оқиғаларды сипаттауда қолданылатыны және шығарманың көркемдік дәрежесін арттырудағы орны.

Мақсаты: Нұртуған жырау мен Шоқан шығармаларындағы көнерген аталымдардың этимологиясын ашып көрсету және тарихи жағдайға байланысты өткен дәуірлердегі оқиғаларды сипаттаудағы және шығарманың көркемдік дәрежесін арттырудағы орнын анықтау.

Міндеттері:

- қазақ тіліндегі көнерген сөздердің жіктелуін саралау;
- көнерген аталымдардың этимологиясын анықтау;
- көнерген аталымдардың көркем шығармадағы қолданысын, олардың шығарманың көркемдік әлеуетін арттырудағы рөлін дәйектеу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижелері

Тілдегі көнерген аталымдардың көнеруі не біржола жоғалуы – күрделі құбылыс, ол өте ұзақ уақытты қажет етеді. Белгілі бір ұғымның көнеруіне байланысты сол ұғымды аңғартатын аталымның да қолданысы сирей бастайды. Тіл-тілде дамудың әртүрлі кезеңдері тудырған тіл өрнектері толып жатыр. Ондай тіл фактілері өткен дәуірдегі болған оқиғаларды тарихи жағдайға байланысты суреттеуде жұмсалады, әрі шығарманың көркемдік дәрежесін арттырып отырады.

Осы тұрғыда аталмыш мақалада Нұртуған жырау мен Шоқан шығармаларындағы көнерген аталымдарды саралауда үздіксіз іріктеу, лексикалық талдау әдістері қолданылды.

Көнерген аталымдар ескіру көрсеткіші арқылы ғана қазақ тілінің лексикасынан оқшауланып, көнерген аталымдардың лексикасын құрай алады. Тілдегі көнерген аталымдар негізінде мынадай екі топқа бөлінеді: 1) **тарихи аталымдар** (историзм); 2) **көнерген аталымдар** (архаизм). Бұл

екі лексикалық топтың арасындағы айырмашылық сөздердің әрі тұрақты, әрі белгілі бір қағидаға негізделген қасиеті болып табылады.

Ғ. Мұсабаев көнерген аталымдарды архаизмдер және историзмдер деп бөліп алады да, «архаизмдер күнделікті тұрмыста, дін ұғымында, ескі әдет-ғұрыптарда қолданылады» дей отырып, историзмдерді лексика-семантикалық мағыналарына қарай материалдық мәдениетке байланысты, әкімшілік басқаруға байланысты, қазақ қоғамының қоғамдық өміріне байланысты, Октябрь дәуірінен кейін туған сөздер» [1, 185–191 б.], деп жіктейді.

Сонымен қатар Ә. Болғанбаевтың «Қазақ тілінің лексикологиясы» еңбегінде көнерген аталымдардың лексика-семантикалық топтарын, яғни архаизм мен историзмді өз алдына жеке дара топтайды: архаизмдерді – мата-кездеме атауларына байланысты архаизмдер; салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты архаизмдер; киім-кешек, ыдыс-аяқ атауларына қатысты архаизмдер; діни ұғымдарға қатысты архаизмдер деп бөледі де, историзмдерді мынадай үш топқа топтайды: әкімшілік басқарумен байланысты туған историзмдер; әскери атақ пен қару-жараққа қатысты историзмдер; Совет тұсында пайда болған историзмдер [2, 86–88 б.].

Аталған ғалымдардың жіктеmelerін негізге ала отырып және Нұртуған жырау мен Шоқан шығармаларындағы көнерген аталымдарды саралай келіп, оларды мынадай лексика-семантикалық топтарға жіктедік:

1 Діни ұғымға қатысты көнерген аталымдар. Нұртуған жырау мен Шоқан өмір сүрген тұста қазіргі тілде көнерген болып табылатын сөздердің мол қабатты діни ұғымға қатысты сөздер құрайды.

Нұртуған жырау мен Шоқан тілінде араб-парсы сөздері едәуір мөлшерде кездесетіндігін жоғарыда атап өткенбіз. Олардың бір тобын бұрынғысынша дерексіз ұғымдарды білдіретін, халықтың тіліне сіңген сөздер құраса, келесі тобын ислам дініне қатысты ұғымдар (*жәһаннам, құтба, зікір, зекет, махшар, топан, аят, рабат, бесін, підия, мүһмін, тәубе, хазірет, аждаһа, зұлтыхар, тамұқ, иман, уәжіп, парыз, сүннет т.б.*) мен дін иелерінің (зұлжалал, абыз, бақсы, пір, хақ, Ібіліс, пірадар, сопы, сахаба, мүрит, шахарияр т.б.) аттары құрайды. Сондай-ақ, бұл қатарда мәдени-рухани дүниелерге қатысы бар атаулардан тұрады. Араб-парсы сөздерінің аз-көп қолданылуы автордың сауаттылығына байланысты болды. Сондықтан бұлардың қаламынан шыққан дүниелерде шет тілдік элементтердің, оның ішінде жалпыхалықтық сөйлеу тіліне енгендерден өзге сөздердің ұшырауы заңды. Нұртуған жырау мен Шоқан тілінің басым көпшілігінде тек қана дінге қатысты *пейиш, тамұқ, зекет, жаббар, құбыла, мүһмин, иман, құда, ахирет, тәкбір, сират, шайтан, махшар күні, құдайдың пәрмәні, раббы, пір, сүннет, парыз, уәжіп, хатим қылу* деген «діни» атаулар қолданылады.

Мұхаммед ұрпақтары (сейттер мен қожалар) және халифалар мен түрлі әулиелердің ұрпақтары (шейхтар) осы екі топтың біріншісіне жатады. Дін басыларының және бүкіл дін қызметкерлерінің басында бір қожжа-калән, бірнеше ишан-накиб және ишан-сүдірлер отыр (Шоқан).

Бұл мәтіндегі **халифа** – 1) мирасқор; 2) орнын басушы; 3) тарих. халифа (Мұхаммедтің мирасқоры, орнын басқан, мұсылмандардың діни және өкімет билігін басқарған әкім атағы). Араб тілінде халифатун – біреудің орнын басу; орынбасар болу; мирасқор болу дегенді білдіреді [3, 296 б.]. Қырғыз тілінде **қалифа** – түрік сұлтаны [4, 357 б.].

Қожа-калән – «ұлы қожа» – дін басыларының қызметін бақылап отыратын ең жоғарғы діни лауазым;

Ишан-накиб – сүфи орденінің басшысы;

Ишан-сүдір – бас ишандардың бірі [5, 280 б.].

Ортаазиялықтар ырымышыл әрі өте діндар болады: сейттер солардың қараңғылығын пайдаланып, халық арасында аса зор құрметке ие болып отыр; шәкірттері мен мүридтері солардың ғажайып ғаламаттарын баян етіп, дәріптейді, ал енді халық соның бәріне шексіз сенеді (Шоқан). Мүриті бұл шайықтың жүз бес адам, Зарлаған зікір айтып таңсәріден. Баланың жиырма беске келді жасы, Шықпайды еткен ісі дін жолынан. Бәрінен күллі мүриттің абзал болып, Қызметін алып жүрді ұстап құмған (Нұртуған).

Мүрит – дін басшысының шәкірті; иман-пірге қол берген кісі. Парсы тілінде мурид – дін басшысының жолын қуушы [6, 485 б.].

Керуеннің мынадай шығыны болды: Қашқарда 622 сом 50 тиын, Құртқада 360 сом зекет, 1302 сомдық сыйлық берілді (Шоқан). Жиып ап қайыр-садақа, Зекет, үсір, пітірді Дұрыс па беру әкеліп, Жорғаға мінген ғалымға?! (Нұртуған).

Зекет (закат) – 1) тазалық; 2) қайыр, садақа; 3) оннан бірі; 4) діни. зекет – мал-мүліктің қырықтан бірін алатын салық. **Зекет** – ислам діні бойынша, жылдың аяғында, жазғытұрым қожа, ишандардың халықтың мал мөлшеріне салатын салығы, үлесі [8, 262 б.]. Парсы тілінде зей – өмір, тіршілік, азық дегенді білдіреді [6, 264 б.]. **Зекет** парсының зей сөзімен қалыптасқан діни салық түрі. Бұрын зекет малдан алынған. Мөлшері 40 қойдан 1 тұяқ, 5 түйеден 1 қой **зекет** бермеген адамдардың үй-іші мен мал-жаны алланың кәріне жолығып, қырсыққа ұшырайды деген сенім бар болған. **Зекет** – мал өсіруші аудандардағы қазақ шаруашылықтары малдарының жиырмадан бір бөлігі мөлшерінде төленіп отырған [7, 22 б.].

Нұртуған жырау мен Шоқан тіліндегі кірме сөздердің мол қабатын **араб** пен **парсы** тілдерінің сөздері құрайды.

Қазақ тілінде бірқатар көнерген атаулар діни уағыздармен тікелей байланысты екені жоғарыдағы мысалдардан айқын аңғарылады. Нұртуған

жырау мен Шоқан діни ұғымдағы сөздерді шығармаларында еркін қолдана отырып, өздерінің діни сауатты екендерін де көрсетеді, әрі қараңғы халықты діннен хабардар болуға үндейді.

2 Әскери атаулар мен сауыт-сайман аттарына қатысты көнерген аталымдар. Шығармада қару-жарақ атаулары, сонымен байланысты фразеологиялық тіркестер жиі ұшырайды. Соның өзінде көне қару-жарақ аттарымен қатар, олардың XVIII–XIX ғасырда қолданылған түрлері де кездеседі. Бұл жағдай шығарманың біздің дәуірімізге ауызша жырлану арқылы жетуімен байланысты болса керек. Мысалы, *жауынгер, солдат* мағынасында *жасақ, қол, жасауыл* сияқты көне аталымдар қолданылған. Сондай-ақ *қорамсақ, бадана, кіреуке, жебе, сүңгі, сарыжа, найза, алмас, айбалта, мысқұлақ* тәрізді көне қару-жарақ аталымдарымен бірге *мылтық, қанжар, қылыш, садақ, барабан* сияқты кейінгі дәуірімізге тән соғыс құралдары да қатар қолданылған.

Академик Ә. Қайдаров «...көненің көзіндей сақталып, мағынасы күңгірттеніп, ұмыт болған, қолданыстан қалып, шаң басып жатқан көнерген сөздер аз емес. Оларды тірілтіп, жаңартып, тіл қажетіне жаратуға әбден болады, дей келіп, *қосын, ләшкер, жасақ, түмен, бұраңғар, ерен, бүйрекші, су, шерік, шеру, иелме, аламан, алай, атарман, шабарман, ондық, сарбаз, жүздік, мыңдық, жалаңқат, көбе, жебе, жекеауыз, сардар, самқал, сапы, сүмбе, топ, оқшантай* сияқты сөздерді әскери термин ретінде өмірге қайта әкелу керектігін айтады» [9, 14 б.].

Ал енді *тікелей басқарып, алым-салық жинау ісін жеңілдету үшін халықтың өзі жүздік және мыңдық деп аталатын жеке топтарға бөлінген. Жүздіктерді жүзбегі, мыңдықтарды мыңбегі басқарады* (Шоқан).

Мұндағы **жүзбегі** – *жүз әскерді басқарушы, мыңбегі* – *мың әскерді басқарушы*.

Жасақ *жорықтан соң ауылға қайтты, өз жайлауларына жақындағанда дауыл тұрды* (Шоқан). Мақұл көрді бәрі де, **Жасақ** *санын көбейтіп, Межелі күні жиганды* (Нұртуған).

Жасақ – 1) *әскер, қару жарақтанған бір топ жауынгер*; 2) *ерте кездегі мал басынан алынатын салықтың бір түрі*. Бұл жерде «**жасақ**» *қару жарақтанған бір топ жауынгерлер архисемасын білдіретін аталым*. Сөздікте **жасақ** – 1) *әскер, қол, қару жарақтанған бір топ жауынгерлер*; 2) *ерте кезде мал басынан алынатын салықтың бір түрі* деген екі мағынаны білдіреді. Мал басына төленетін *жасақ салығы* үй салығына қарағанда заңдылығы жөнінен салық салудың дұрыс түрі болды. *Жасақ* әрбір түліктен /түйені қоспағанда/ бір пайыз мөлшерінде алынды. Алғашында заттай алынатын бұл салық кейіннен ақшаға ауыстырылды (М. Елеусізов).

Ғалым Р. Сыздық: «Заман неғұрлым әрілеген сайын қазіргі нормамен салыстырғанда, көнерген элементтердің молынан ұшырасуы заңды да, түсінікті де. Бірақ әрідегі әдеби мұра ауызша сақталғандықтан, көптеген бейтаныс дүниелер мәтіннен ығысып, бізге түсініктірек баламалармен жеткені аян. Әйтсе де бұл мұралардан «көненің көздері» – архаизмдерді табуға болады» [10, 80 б.], – деген пікірі осының айғағы.

Найзаны салып түйретті, Садақты тартып үйретті, Осылай баулап өсірді Ұрпақты іске шыдамды (Нұртуған). Бүкіл Батыс өлкедегі сияқты Оңтүстік линия солдаттарының да негізгі қаруы – садақ пен найза; тек азғантай ғана бөлімінде мылтық бар (Шоқан).

Найза – ұшы істік темірден істелген ағаш сабы бар соғыс құралы [8, 84 б.]. Парсы тілінде **нейзе** – найза, шанышқы, жақын жерден лақтырып тастауға арналған қысқа сапты найза [6, 576 б.].

Садақ – ағаштан доғаша иіп немесе иілген іспетті екі бөлікті жалғастырып, екі ұшын қайыспен керіп, сол кермеге оқ (жебе) салып тартып ататын, өте көне замандардан келе жатқан қару атауы. Рабиға Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» жазған еңбегінде «садақ» сөзіне мынадай сипаттама берілген: «Садақ, жақ/жай/жа. Бұл сөздер қазақ эпостарында да, XV–XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар тілдерінде де жиі кездесетін, қазірде көнеленген сөздердің қатарынан табылады. Садақ сөзінің синонимдері *жақ* – *жай* – *жа*. Соңғы жа варианты қазақ тілінде *сарыжа*, *бұхаржа* сөздерінде сақталған» [11, 100 б.]. Садақ – ағаштан доға тәрізді иіліп жасалған ескі атыс құралының бір түрі, жақ [8, 144 б.].

Нұртуған жырау мен Шоқан тілінде жаугершілік, соғыс картинасын суреттеу мақсатында, әскери сөздер мен сауыт-сайман, қару-жараққа аттарына қатысты көнерген сөздерді шебер әрі ұтқырлықпен қолданып отырған.

3 Әлеуметтік, әкімшілік атауларға қатысты көнерген аталымдар. Бұл топқа жататын көнерген сөздер тарихи аталым (историзм) деп аталады. Олай дейтініміз, ендігі айтылатын аталымдардың қазіргі тіл қолданысында ешқандай синонимі жоқ, тек сол калпында тарихи шығармаларда сақталған, ескіліктен хабар беретін сөздер.

Нұртуған жырау мен Шоқан тілінде үшінші бір топ лексика әлеуметтік-әкімшілік жағдаймен байланысты болып келеді. Мұнда да жоғарыда атап өткендегідей көне феодалдық дәуірге тән ел билеу жүйесінде кездесетін терминдік сөздермен қатар, жаңа капиталистік дәуірдің көрінісі дерлік бірен-саран сөздер кездеседі. *Хан, батыр, патша, бек, құл, күң, падиша, уәзір, төре, сұлтан, ханым, нөкер, әмірші, төлеңгіт, ерзада, ханзада* сөздері жырдың көне дәуір оқиғаларынан хабар беретін, көбінесе титулды (әлеуметтік дәреже-лауазымды) білдіретін элементтер болып келсе, *бай, жарлы, халық,*

мырза, болыс, ақылғөй, елші сөздері жырдың кейінгі кезде жырлануымен байланысты қосылған «жаңартулар» екендігіне дәлел тәрізді.

Әрбір көтерілістен кейін олар аласұрып, халықты талан-таражға салады, әйелдерді зорлайды, мешіттерді қиратып, дәруіштер мен кембағал кедейлерді қорқытып, үркіту үшін жазықсыз адамдарды қырып-жоя бастайды (Шоқан).

Кембағал – мүсәпір, сорлы; киер киім, ішер тамағы жетіспейтін, күн-көрісі төмен жоқ-жітік адам [8, 285 б.]. Парсы тілінде *кам-бағал* – кедей, мүліксіз дегенді білдіреді [6, 405 б.]. Тәжік тілінде де *камбағал* – кедей, мүлкі жоқ, тақыр кедей деген сөз [12, 176 б.].

Ертеде өткен Алаштан бастап, барлық ру, ру басы – билер мен батырлар, олардан өрбіген аталар мен әулеттер, хандар шежіресі Шал жырында түгелдей қамтылатын көрінеді (Шоқан).

Жариялап бұл күндегі алты Алашқа. Шақырып патша алдырды айналасын, Қолына жілік беріп жариялап, Мінгізіп алма сағақ, хан Қарасын (Нұртуған).

Алаш – 1) қалың көпшілік, ел, жұрт, қауым; 2) қазақ елі, қазақ қауымы. Қазіргі қазақ тіліндегі *алты алаш* тіркесі бүкіл халық, көпшілік қауым деген мағынаны білдіреді. Алғашқы кезде *алаш* сөзі жағымды ұғым болмаған. «Мавренахрді билеуші Махмудтың інісі Ахмед монғолша киініп, монғолша қаруланатын өте қатал адам болыпты. Ол ұрыстарда қалмақтарға бірнеше рет өлтіре сокқы береді, жеңілген қарсы жақты қатты қырғынға ұшыратады, сондықтан қалмақтар оған «*алаш!*» – қан құйды, бас кесер, жауыз деген жаман атақ тағады» [13, 76 б.]. Бұл тарихи деректі қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл демократы Абай Құнанбаев та өзінің «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде сөз еткен. «Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай, мынау бір алашы болды ғой» депті, жан алушы дегеннің орнына, сонан соң сол хан, бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы, алашы» деп «ұран-сүрен» салыңыздар деп бұйырып, бұларға айқай салғанда, көп жанның айқайымен «алаш-алаш!» деп кетіпті. Сондықтан алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен. Қазақ тіліндегі *алаш* сөзінің де алғашқы кезде жан алғыш, кісі өлтіргіш, ел талағыш деген тұрпайы мағынасы болған [14, 405 б.] Монғол тілінде *алаач* – кісі өлтіруші, жендет, жанкешті деген мағынада қолданылады [15, 19 б.]. Ойрат тілінде *алдачы* – жан алғыш (қазақша алашы). Бұл фактілер қазақ тіліндегі *алаш* сөзінің тарихи мәнін толық ашып беретін тәрізді.

Біріншіден, болыстар, ақсақалдар, сұлтандар, билер және ауқатты қазақтардан, яғни мансапқа ие болуды көздейтін атқамінерлерден сөз

тарттық (Шоқан). Сонда да бір-бірінен жан аямас, Дос болды айырықша бір адамға. Ол адам шайыр еді түбі терең, Сөйлейтін еркі де бар **сұлтан**, ханға (Нұртуған). Қарасайдың бұл ісін бірге келген **билер** мен ақсақалдар да мақұл көрді (Нұртуған).

Сұлтан – 1) өкімет, үстемдік, билеп тұрушылық; 2) тақсыр, патша; 3) ауыс. батыр, ер, асыл. Араб тілінде *султәнун* – тақсыр, патша, жоғары билік жүргізуші дегенді білдіреді [6, 462 б.].

Би – дау-жанжалға билік айту үшін үстем таптың қолдауымен сайланған өкілі: Кеңес үкіметінен бұрынғы қазақ ауылындағы *сот* [8, 113 б.]. Араб тілінде *бей* – атақ (титул) дегенді білдіреді [6, 63 б.]. Ойрат тілінде *бий* – мырза, жожа [16,30 б.]. Келтірілген мәтіндегі «би» дау-жанжалдың ақ-қарасын ажыратып беретін адам мағынасында қолданылса, қазір тек *би өнері* ретінде қалыптасқан аталым және мағынаның даму нәтижесінде *билік*, *билік өкілдері*, *билеп алу*, *билікке таласу* деген сияқты тіркестерде кездеседі.

Осындай қиын-қыстау шақта, үш жүз батырдың арасында, жат жұрттық Алаш атты дана ғайыптан пайда бола кетеді. Алаш қазақтарды жинап алып ұзақ сөйлейді, сөзі халықты қатты тебіренгенді. Сол жерді қазақтар Алашты өздеріне рубасы және қазы етіп сайлайды [5, 39 б.].

Бұл пікір – бірнеше би мен әкімдердің аузынан шықты, **орданың** өзге құрметті адамдары оларды мақұлдап, бас изеді (Шоқан). Талма-талтүс болғанда, **Ордасын** ханның көреді. Аттарынан түсіп байлады, Ордадан қашық жерге кеп. Қауіптері де жоқ емес, Босанып аттар кетер деп (Нұртуған).

Орда – 1) патша тұратын қала; 2) сәулетті үй. Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінде *орду* – шах тұратын шаһар, орда [17, 145 б.].

Нұртуған жырау мен Шоқан шығармаларында **жауырыншы** сөзі кездеседі. **Жауырыншы** – қазіргі сөйлеу тілінде «балгер». Едіге баласына қарға бұтты Қаразбанды берді. Қасына қырық кісі ертті. Басшы қылып **жауырыншы** Ақпан дегенді қосты (Нұртуған). Ал Шоқан тілінде осы **жауырыншы** деген көнерген аталымға **балгер** сөзі тіркесіп қолданылады.

Жауырыншы балгер – қойдың жауырынымен, құмалақпен бал ашады. Қойдың құмалағын ретімен қояды, олардың саны қырық бір болуға тиіс. Жауырынмен бал ашу және қырық бір құмалақпен бал ашу қазақтар арасында ең кең тараған балгерліктің түрлері. Кезінде, құмалақпен бал ашу Данияр (Даниш) пайғамбардан мұра боп қалған деседі. Бал ашудың бірінші түрі – жауырынмен бал ашқанда: жауырынды отқа қыздыра бастағандағы, жауырынга түскен белгі – сызықшаға негізделеді. Бақсылардың айтуынша, жауырын жеті халықтың тағдырымен қоса патшаларының өлімін, елінің өлім-жітімін, саяхатшыларының басынан кешкендерін айтып бере алады (Шоқан).

Алты шаһар жері мен оның жергілікті халқына қатысы бар деректер Қашқардың бектері мен шайхыларынан, ахундарынан және менің Қашқардағы бұл мәселеге әбден қанық тума-туысқандарымнан алынды (Шоқан). Даниель қожа шейхтардың бірінің ұрпағы – Ханарықтың Әлімахуны осы партияның Қашқардағы өкілі болып саналады (Шоқан). Хид нәби пұд қауымына иман етіп, Түсінбей шейхтардың өзін қырған. Меккеде зираты бар бұл нәбидың Көреді оған асық іздеп барған (Нұртуған).

Шейх (шайх, шайқы, шайхы, шайық) – 1) қарт, қария; құрметті кісі; 2) Шейхтар палатасының мүшесі, сенатор; 3) шейх – ру бастығы; 4) ақсақал, басшы, басқарушы; 5) діни, рухани көсем; 6) галым; 7) мұғалім, ұстаз, жетекші, тәрбиеші.

Қорытынды

Нұртуған жырау мен Шоқан тілінде көнерген аталымдар біріншіден өздері суреттеп отырған дәуірдің тұрмыс-тіршілігін дәл, нақты көрсеткен, екіншіден өз тілдерінің лексика-семантикалық қабаттарын байытып отыр.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Мұсабаев, Ғ.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б. ISBN 978-601-7172-39-8 2

2 **Болғанбаев, Ә.** Қазақ тілінің лексикалогиясы. – Алматы : Мектеп, 1988.

3 Большой арабско-русский словарь, Том 1, Баранов Х.К., 2006. (<https://obuchalka.org/20180719102114/bolshoi-arabsko-russkii-slovar-tom-1-baranov-x-k-2006.html>)

4 **Юдахин, К. К.** Киргизско-русский словарь. В двух книгах. – М.: Советская Энциклопедия, 1965. – Книга 1 (А-К) 503 с. – Книга 2 (Л-Я) 475 с.

5 **Уәлиханов, Ш.** Алтышаһарға сапар. – Алматы : Атамұра, 2006. – 304 б.

6 Персидско-русский словарь : [В 2-х т. / М. Н. Османов, Д. Х. Дорри, Л. Н. Киселева и др. ; Авт. предисл. Ю. Рубинчик] Т. 1. - М. : Рус. яз., 1985. - 800 с.

7 **Елеусізов, М.** Шоқан Уәлихановтың экономикалық көзқарасы. – Алматы : Қазақ мемлекет баспасы, 1959. – 127 б.

8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жанұзақов Т. (бас ред.) – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б. ISBN 9965-798-99-0

9 **Қайдаров, Ә.** Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.

10 **Сыздық, Р.** Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы : Арыс, 2004.

11 **Сыздықова, Р.** Сөздер сөйлейді. – Алматы : «Арыс», 2004.

12 Таджикско-русский словарь / Мирбобоев А. (ред.) Фарҳанги тоҷикӣ-русӣ - Таджикско-русский словарь - Tajik-Russian Dictionary. – Душанбе : Пажӯҳишгоҳи Рӯдакӣ, 2006. – 782 с.

13 **Бартольд, В. В.** Очерк истории Семиречья. – Фрунзе : Киргизгосиздат, 1943. – 104 с.

14 **Құнанбаев, А.** Шығармаларының толық жинағы. – Алматы : Ғылым, 1954. – 321 б.

15 Большой академический монгольско-русский словарь. Монгол орос дэлгэрэнгүй их толь : В 4-х т. : ок. 70 000 слов / Ин-т яз. и лит. Акад. наук Монголии, Ин-т языкознания РАН; [Ё. Баярсайхан и др.] ; Под общ. ред. А. Лувсандэндэва и Ц. Цэдэндамба ; отв. ред. Г. Ц. Пюрбеев. – М., 1957. А - Г. – 2001. – 485, [1] с.

16 **Баскаков, Н. А.** Ойротско-русский словарь. – М. : Гос. изд-во иностр. и нац. словарей, 1947. – 312 с.

17 **Махмуд Кошғарий.** Девону Луғотит Турк. Том 1. – Тошкент, 1960. – 499 с.

References

1 **Musabaev, G.** Qazaq til biliminiń máseleleri [Musabayev G. Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty : «Abzal-A1» baspasy, 2014. – 640 p. – ISBN 978-601-7172-39-82

2 **Bolǵanbaev, Á.** Qazaq tiliniń leksikalogiasy [Bolganbaev A. Lexicology of the Kazakh language]. – Almaty : Mektep. – 1988.

3 Úlken arab-orys sózdigi, [Large Arabic-Russian dictionary] 1 Tom, Baranov X. K., 2006. [Electronic resource]. – <https://obuchalka.org/20180719102114/bolshoi-arabsko-russkii-slovar-tom-1-baranov-x-k-2006.html>

4 **Iýdahin, K. K.** Kırǵızsko-rýsskı slovar. V dvých knigah. [Iýdahin K.K. Kyrgyz-Russian dictionary. In two books] – M. : Sovetskaiia Ensiklopedia, 1965. – Kniga 1 (A-K) 503 s. – Kniga 2 (L-Ia) 475 p.

5 **Ýalhanov, Sh.** Altıshaharǵa sapar. – Almaty : Atamura, 2006. – 304 p.

6 Persidsko-rýsskı slovar : [V 2-h t. / M. N. Osmanov, D. H. Dorri, L. N. Kiseleva i dr.; Avt. predisl. Iý. Rýbınchik] T. 1 [Perso-Russian dictionary : [in 2 volumes / M. N. Osmanov, D. X Dorri, L. N. Kiseleva, etc. Author’s preface by Yu. Rubinchik] Vol. 1.]. – M. : Rýs. iaz., 1985. – 800 p.

7 **Eleýsizov, M.** Shoqan Ýalihanovtıń ekonomikalıyq kózqarasy [Economic views of Shokan Ualikhanov]. – Almaty : Qazaq memleket baspasy, 1959. – 127 p.

8 Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi / Januzaqov T. (bas red.) [Explanatory Dictionary of the Kazakh language / Zhanuzakov T. (General Ed.)]. – Almaty : Daik-Pres, 2008. – 968 p. – ISBN 9965-798-99-0

9 **Qaidarov, Á.** Qazaq terminologiasyna jańasha kózqaras [New approach to Kazakh terminology]. – Almaty, 1993.

10 **Syzdyq, R.** Qazaq ádebi tiliniń tarıhy [Syzdyq R. History of the Kazakh literary language]. – Almaty : Arys, 2004.

11 **Syzdyqova R.** Sózder sóileidi [Syzdyqova R. Words speak]. – Almaty : «Arys», 2004.

12 Тájikstan-oryssha sózdik / Mirboboev A. (ready.) Tájik-orys mádenieti-orys – orys sózdigi-tájik-orys sózdigi. [Tajik-Russian Dictionary]. – Dýshanbe : Rýdaki Ğylymı-Zertteý Institutıy, 2006. – 782 p.

13 **Bartold V. C.** Shyǵys Jetisý Ocherki [Essay on the history of Semirechye]. – Frýnze : Qyrǵygosızdat, 1943. – 104 p.

14 **Qunanbaev, A.** Shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy [Kunanbaev A. Full collection of works]. – Almaty : Ğylym, 1954. – 321 p.

15 Bolshoi akademicheskii mongolsko-rýsskii slovar [Academic dictionary of the Mongolian-Russian dictionary]. Mongol oros delgerengúi ih tol : V 4-h t. : ok. 70 000 slov / In-t iaz. i lit. Akad. naýk Mongolıı, In-t iazykoznanıa RAN ; [Ė. Baiarsaihan i dr.]; Pod obsh. red. A. Lývsandendeva i S. Sedendamba ; otv. red. G. S. Púrbeev. – M., 1957 j. A - G. – 2001. – 485, [1] p.

16 **Baskakov, N. A.** Oirotsko-rýsskii slovar [Baskakov N.A. Oirot-Russian Dictionary]. – Moskva : Gos. izd-vo inostr. i nas. slovarei, 1947. – 312 p.

17 **Maǵmýd Koshǵaru.** Devoný Lýǵottı Týrk. Tom 1. [Mahmud Koshgari. Devonu Dictionary Turkish. Complete 1.]. – Toshkent, 1960. – 499 p.

Материал 08.09.21 баспаға түсті.

*Г. Ж. Утемисова¹, А. О. Карипжанова²

¹Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Торайгыров университет, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

ЭТИМОЛОГИЯ УСТАРЕВШИХ НОМИНАЦИЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ НУРТУГАНА ЖЫРАУ И ШОКАНА

В статье рассматриваются устаревшие названия в языке. В связи с устареванием того или иного понятия, названия, обозначающие это понятие, редко употребляются, сохраняются в нашем языке языковые выражения, вызванные различными этапами развития языка, лишь по показателю устаревания устаревших наименований могут изолироваться от лексики казахского языка и образовывать лексику устаревших наименований. Также доказано, что такие языковые факты используются при описании событий

прошлых эпох в зависимости от исторической ситуации и повышают художественную степень произведения, дифференцируя исторические номинации в произведениях Нуртугана жырау и Шокана.

Утверждается, что в казахском языке ряд устаревших названий непосредственно связаны с религиозными проповедями. Также анализируются устаревшие названия, относящиеся к воинским именам и доспехам, устаревшие названия, относящиеся к социальным, административным названиям. На конкретных примерах доказывается, что древние названия на языке Нуртуган жырау и Чокан точно отражали быт описываемой ими эпохи и обогащали лексико-семантические слои своих языков.

При рассмотрении теоретических основ исследования устаревшей лексики руководствуются научными выводами Г. Мусабаева, А. Болганбаева, Р. Сыздық.

Ключевые слова: устаревшая лексика, исторические номинативы, лексика, историзм, архаизм, лексико-семантическая группа, лексикология, языковая норма.

*G. S. Utemisova¹, A. O. Karipzhanova²

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 08.09.21.

ETYMOLOGY OF OBSOLETE NOMINATIONS IN THE WORKS OF NURTUGAN ZHYRAU AND SHOKAN

The article deals with obsolete names in the language. Due to the obsolescence of a particular concept, the names denoting this concept are rarely used, language expressions caused by different stages of language development are preserved in our language, only by the indicator of obsolescence of obsolete names can be isolated from the vocabulary of the Kazakh language and form the vocabulary of obsolete names. It is also proved that such linguistic facts are used in describing the events of past epochs, depending on the historical situation, and increase the artistic degree of the work, differentiating the historical nominations in the works of Nurtugan Zhyrau and Shokan.

It is argued that in the Kazakh language, a number of outdated names are directly related to religious sermons. It also analyzes outdated names

related to military names and armor; outdated names related to social and administrative names. Using concrete examples, it is proved that the ancient names in the language of Nurtugan Zhyrau and Shokan accurately reflected the life of the era they described and enriched the lexical and semantic layers of their languages.

When considering the theoretical foundations of the study of outdated vocabulary, the scientific conclusions of G. Musabayev, A. Bolganbayev, R. Syzdyk are guided.

Keywords: obsolete vocabulary, historical nominatives, vocabulary, historicism, archaism, lexico-semantic group, lexicology, language norm.

Теруге 08.09.2021 ж. жіберілді. Басуға 28.09.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
1,21 Mb RAM
Шартты баспа табағы 8,86. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Байниқенова
Корректор: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3818

Сдано в набор 08.09.2021 г. Подписано в печать 28.09.2021 г.
Электронное издание
1,21 Mb RAM
Усл. печ. л. 8,86. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Байниқенова
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3818

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz